

## Гандболдан әйелдер арасында тоғызыншы Азия чемпионатын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 27 маусым N 89-ө

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Азия гандбол федерациясының (АНФ) 2002 жылғы 25 шілде - 5 тамызда Қазақстан Республикасында гандболдан әйелдер арасында тоғызыншы Азия чемпионатын (бұдан әрі - Азия чемпионаты) өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Азия чемпионатына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасының Гандбол федерациясымен бірлесіп, Алматы қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында Азия чемпионатына дайындықты және оны өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі берген тізім бойынша Азия чемпионатына қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, қатысушылар мен ресми адамдардың тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, Азия чемпионатына қатысушы шетелдік азаматтардың Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

Азия чемпионатына қатысушыларды көлік қызметін қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Азия чемпионатына дайындық және оны өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2002 жылғы 27 маусымдағы  
N 89 өкімімен  
бекітілген

Гандболдан әйелдер арасында тоғызыншы Азия чемпионатына  
дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру  
комитетінің құрамы

1. Тұрлыханов - Қазақстан Республикасы  
Дәулет Болатұлы Туризм және спорт жөніндегі  
агенттігінің төрағасы, төраға
2. Храпунов - Алматы қаласының әкімі,  
Виктор Вячеславович орынбасар
3. Тұрлыханова - Қазақстан Республикасы Гандбол  
Гүлнара Смағұлқызы федерациясының президенті,  
орынбасар (келісім бойынша)

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

1. Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Иван Иванович істер вице-министрі
2. Жақыпов - Қазақстан Республикасының Көлік  
Қабиболла Қабенұлы және коммуникациялар бірінші вице-  
министрі
3. Рябченко - Қазақстан Республикасының  
Олег Григорьевич Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім бірінші вице-министрі
4. Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Наталья Артемовна вице-министрі
5. Тәжібай - Қазақстан Республикасының Туризм  
Бақытбек және спорт жөніндегі агенттігі  
төрағасының бірінші орынбасары
6. Рақымжанов - Қазақстан Республикасының  
Әмірхан Мұратбек Премьер-Министрі Кеңесінің  
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі

менгерушісінің орынбасары

7. Тәкеев Серік Адамұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Ұлттық штаттық командалар және спорттық резерв дирекциясының басшысы
8. Нұров Наиль Фаридұлы - "Қазспортқамтамасызету" ашық акционерлік қоғамы басқармасының президенті (келісім бойынша)
9. Захарин Юрий Кузьмич - Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайының директоры (келісім бойынша)
10. Астафьев Николай Григорьевич - Қазақстан Республикасының гандболдан мемлекеттік жаттықтырушысы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Шарипова М.Е.